**Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы N 392 Жарлығы

РҚАО-ның ескертпесі!

Жарлыққа өзгерту енгізу көзделген - ҚР Президентінің 2009.05.06 N 800 Жарлығымен (РҚАО-на түскен жоқ).

Жоғары офицерлік және басшы құрамның әскери және арнаулы атақтарын беруді реттеу мақсатында қаулы етемін:

1. N 1-9 қосымшаларға сәйкес жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаруға тиіс лауазымдардың тізбесі бекітілсін.

Ескерту. 2-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2001.10.23 N 710, 2003.05.16 N 1094, 2003.09.10 N 1184 жарлықтарымен.

2. Алып тасталды - ҚР Президентінің 2003.09.10 N 1184 жарлығымен.

3. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Жоғары офицерлік және басшы құрамның адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 8 мамырдағы N 2984 Жарлығы;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 5 наурыздағы N 3396 Жарлығының 3-тармағы;

3) "Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір Жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 21 мамырдағы N 3512 Жарлығының II тармағы;

4) өте құпия;

5) өте құпия.

4. Қазақстан Республикасының Үкіметі бұрын қабылданған нормативтік құқықтық актілерді осы Жарлыққа сәйкес келтірсін.

5. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 12 мамырдағы
N 392 Жарлығына
N 1 қосымша

РҚАО-ның ескертпесі!
Тізбе жаңа редакцияда көзделген - ҚР Президентінің 2012.12.25 N 453 қбп Жарлығымен.

## Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің жоғары офицерлік құрамының адамдары атқаруға тиіс лауазымдар тізбесі

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2003.09.10 N 1184 , өзгеріс енгізілді - 2005.05.03 N 1565, 2010.07.15 N 1023 Жарлықтарымен.

Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары - Штабтар бастықтары комитетінің төрағасы - генерал-полковник

Қорғаныс министрінің орынбасары (тәрбие жұмысы, экономика және қаржы мәселелерімен айналысатынды қоспағанда) - генерал-лейтенант

Штабтар бастықтары комитеті төрағасының бірінші орынбасары - генерал-майор

Штабтар бастықтары комитеті төрағасының орынбасары - генерал-майор

Департамент бастығы (халықаралық ынтымақтастық, мемлекеттік құпияларды қорғау, заң қызметі, бұқаралық ақпарат құралдарымен жұмыс және жұртшылықпен байланыс жөніндегі, Қорғаныс министрлігінің қызметін қамтамасыз ету мәселелерімен айналысатынды қоспағанда) - генерал-майор

Бас әскери инспекция бастығы - генерал-лейтенант

Орталық командалық пункт бастығы - генерал-майор

Қарулы Күштер Бас барлау басқармасының бастығы - генерал-лейтенант

Қарулы Күштер түрлерінің Бас қолбасшысы - генерал-лейтенант, вице-адмирал

Қарулы Күштердің Тыл бастығы - генерал-майор

Әскер тегі қолбасшысы - генерал-майор, генерал-лейтенант

Өңірлік қолбасшылық әскерлерінің қолбасшысы - генерал-майор

Қарулы Күштер түрлерінің Бас қолбасшысының орынбасары - генерал-майор, контр-адмирал

Әскер тегі қолбасшысының бірінші орынбасары - генерал-майор

Өңірлік қолбасшылық әскерлерінің қолбасшысының бірінші орынбасары - генерал-майор

Ұлттық қорғаныс университетінің бастығы - генерал-лейтенант

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Солтүстік атлант Шарты Ұйымы штаб-пәтерінің жанындағы әскери өкілі - генерал-майор

Өкіл (Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мемлекеттерінің Қарулы Күштері) - әскери ынтымақтастықты үйлестіру жөніндегі штаб бастығының орынбасары - генерал-лейтенант;

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы № 392 Жарлығына
2-ҚОСЫМША

## Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жоғары офицерлік құрамының адамдары атқаруға тиіс лауазымдар тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 22.11.2016 № 373 жарлығымен.

| | |
|---|---|
| Төраға | - ұлттық қауіпсіздік генерал-полковнигі |
| Төрағаның бірінші орынбасары | - ұлттық қауіпсіздік генерал-лейтенанты |
| Төрағаның орынбасары | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |

| | |
|---|---|
| Төрағаның орынбасары - Шекара қызметінің директоры | - генерал-лейтенант |
| Төрағаның орынбасары - «А» арнаулы мақсаттағы қызметінің директоры | - ұлттық қауіпсіздік генерал-лейтенанты |
| Төрағаның орынбасары - Қарсы барлау қызметінің бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-лейтенанты |
| Төрағаның орынбасары - Терроризмге қарсы қызметінің бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-лейтенанты |
| Төрағаның орынбасары - Экономикалық қауіпсіздік қызметінің бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Ақпарат және киберқауіпсіздік қызметінің бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Үкіметтік байланыс қызметінің директоры | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Қарсы барлау қызметі Қарсы барлау операциялары департаментінің бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Терроризмге қарсы қызметтің Халықаралық терроризмге және діни экстремизмге қарсы күрес департаментінің бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Терроризмге қарсы қызметтің Конституциялық құрылысты қорғау департаментінің бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Экономикалық қауіпсіздік қызметінің Экономикалық қауіпсіздік департаментінің бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Әскери қарсы барлау департаментінің бастығы | - генерал-майор |
| Стратегиялық жоспарлау, бақылау және аудит департаментінің бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Академия бастығы | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Шекара қызметі академиясының бастығы | - генерал-майор |
| Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар Оңтүстік Қазақстан облыстары, Астана және Алматы қалалары бойынша департаменттер бастықтары | - ұлттық қауіпсіздік генерал-майоры |
| Шекара қызметі директорының бірінші орынбасары - Бас штаб бастығы | - генерал-майор |
| Шекара қызметі директорының орынбасары (кадр, қаржы-шаруашылық мәселелеріне жетекшілік ететінді қоспағанда) | - генерал-майор |
| Шекара қызметі өңірлік басқармасының бастығы | - генерал-майор контр-адмирал |

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы N 392 Жарлығына N 3 қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 06.05.2013 № 561 Жарлығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 09.04.2016 № 231 Жарлығымен.

**Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің жоғары офицерлік және басшы құрамының адамдары атқаруға тиіс лауазымдар ТІЗБЕСІ**

| | |
|---|---|
| Ішкі істер министрі | - полиция генерал-полковнигі |
| Министрдің бірінші орынбасары | - полиция генерал-лейтенанты |
| Министрдің орынбасары | - полиция генерал-майоры |
| Ішкі әскерлер Бас қолбасшысы - Ішкі әскерлер комитетінің төрағасы | - генерал-лейтенант |
| Ішкі әскерлер Бас қолбасшысының бірінші орынбасары - Бас штаб бастығы - Ішкі әскерлер комитеті төрағасының орынбасары | - генерал-майор |
| Ішкі әскерлер Бас қолбасшысының орынбасары - Ішкі әскерлер комитеті төрағасының орынбасары (тәрбие және әлеуметтік-құқықтық жұмыс, тыл мәселелерімен айналысатын орынбасарын қоспағанда) | - генерал-майор |
| Ішкі әскерлер өңірлік қолбасшылық қолбасшысы | - генерал-майор |
| Өңірлік қолбасшылық қолбасшысының бірінші орынбасары - штаб бастығы | - генерал-майор |
| Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің төрағасы | - әділет генерал-майоры |
| Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Терроризмге қарсы орталығындағы өкілетті өкіл | - полиция генерал-майоры |
| Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының аумағындағы Ұйымдасқан қылмысқа және қылмыстың өзге де қауіпті түрлеріне қарсы күресті үйлестіру жөніндегі бюродағы өкілетті өкіл | - полиция генерал-майоры |
| Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Оңтүстік Қазақстан облыстарының, Астана және Алматы қалаларының | - полиция генерал-майоры |

ішкі істер департаменттерінің бастықтары

Академия бастығы - полиция генерал-майоры

Әкімшілік полиция комитетінің төрағасы - полиция генерал-майоры

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы N 392 Жарлығына N 4 қосымша

## Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің жоғары офицерлік құрамының адамдары атқаруға тиіс лауазымдар тізбесі

Ескерту. 4-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2012.05.07 N 318 ( 2012.02.25 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Президент Күзет қызметінің бастығы - Қазақстан Республикасы Президент Күзет қызметінің генерал-лейтенанты

Қызмет бастығының бірінші орынбасары - Президент қауіпсіздігі қызметінің бастығы - Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің генерал-майоры

Қызмет бастығының орынбасары - Қазақстан Республикасы Президенті Күзет қызметінің генерал-майоры

5-қосымша

Ескерту. 5-қосымша алынып тасталды - ҚР Президентінің 04.05.2014 N 814 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2000 жылғы 12 мамырдағы N 392 Жарлығына N 6 қосымша

Ескерту. 6 қосымша алып тасталды - ҚР Президентінің 2003.09.10 N 1184 Жарлығымен.

7-қосымша

РҚАО-ның ескертпесі: жарлықтың қосымшасы болған жоқ

Ескерту. 7-қосымшаға өзгеріс енгізіледі - ҚР Президентінің 2005.05.03 N 1565 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 12 мамырдағы
N 392 Жарлығына
N 8 қосымша

Ескерту. 8-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2005.05.03 N 1565, өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 2007.08.03 N 373, 2009.04.03 N 787 Жарлықтарымен.

**Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің жоғары басшы құрамы адамдары атқаратын лауазымдар тізбесі**

Вице-министр (азаматтық қорғаныс, әскери бөлімдер және жедел әрекет ету мәселелерімен айналысатын) - генерал-майор

Өртке қарсы қызмет комитетінің төрағасы - өртке қарсы қызмет генерал-майоры

Азаматтық қорғаныс, әскери бөлімдер және жедел әрекет ету департаментінің директоры - генерал-майор

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 12 мамырдағы
N 392 Жарлығына
N 9 қосымша

Ескерту. 9-қосымша алып тасталды - ҚР Президентінің 29.08.2014 N 900 Жарлығымен.

**Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің (қаржы полициясының) жоғары басшы құрамының адамдары атқаруға тиіс лауазымдар тізбесі**

Агенттік төрағасының бірінші орынбасары - қаржы полициясы генерал-майоры

Агенттік төрағасының орынбасары (тергеу, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелерімен айналысатын) - қаржы полициясы генерал-майоры

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 12 мамырдағы
N 392 Жарлығына
N 10 қосымша

## Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесі органдарының жоғары басшы құрамының адамдары атқаруға тиіс лауазымдар тізбесі

Ескерту. Тізбе алып тасталды - ҚР Президентінің 06.05.2013 № 561 Жарлығымен.

Қазақстан Республикасы
Президентінің
2000 жылғы 12 мамырдағы
№ 392 Жарлығына
№ 11 қосымша

## Қазақстан Республикасы «Сырбар» Сыртқы барлау қызметінің жоғары офицерлік құрамының адамдары атқаруға тиіс лауазымдар тізбесі

Ескерту. 11-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Президентінің 2012.05.07 N 318 ( 2012.02.25 бастап қолданысқа енгізіледі) Жарлығымен.

Қызмет директоры - сыртқы барлау генерал-лейтенанты

Қызмет директорының бірінші орынбасары - сыртқы барлау генерал-майоры

Қызмет директорының орынбасары - сыртқы барлау генерал-майоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК